

**ӘОЖ 37.01**  
**МРНТИ 14.37.01**

**DOI: <https://doi.org/10.37788/2023-1/20-29>**

**Е.С. Аяған<sup>1\*</sup>, К.Т. Аналбекова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Е.А. Букетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан  
\*(e-mail: ayagan69@mail.ru)

### **Педагогикалық қарым-қатынастағы толеранттық**

#### **Аңдатпа**

*Негізгі мәселе:* бұл мақалада кәсіби қарым қатынасты толеранттықпен жетілдіру қажеттілігі бастауыш, орта және жоғары білім беретін оқытушылардың психологиялық-педагогикалық біліктілігін арттыру міндетін, олардың кәсіби құзыреттілігін педагогика, психология, акмеологияның заманауи жетістіктері саласында қарым-қатынасын арттыру ретінде анықтайды.

*Мақсаты:* тыңдаушылар үшін біліктілікті жетілдіру мен білім құру жолдары арқылы шешуді қарастырады. Осы орайда, оларда жаңа жеке ресурстардың анықталуы жағдайында және заманауи педагогтың кәсіби қарым қатынасының өсуінде тиімді стратегияларды құру мақсатында оларды неғұрлым тиімді пайдалану сөз болады.

*Әдістері:* акмеологиялық жобалау өмірдің стратегиясымен, мінез-құлық немесе кәсіби қарым қатынасының жетілдірудің анықтамасымен байланысты жеке жұмыс үшін қолданылатыны кеңінен ашылған. Акмеологиялық кеңес беру – бұл педагогтардың кәсіби қызметтердің қарым қатынас шыңына жетуге көмек көрсетеді. Қарым-қатынас бірлескен жұмысты ұйымдастыруға, жоспар құруға және оны талқылауға және оларды жүзеге асыруға көмектеседі.

*Нәтижелері және олардың маңыздылығы:* адамдардың қарым-қатынасының мақсаты өсуде: дүние туралы білім алу және жеткізу, оқыту және тәрбиелеу, бірлескен іс-әрекеттегі адамдардың психикалық әрекеттерін үйлестіру, жеке және іскерлік қарым-қатынастарды анықтау және орнату кеңінен талдау жасалған.

*Түйін сөздер:* педагогика, акмеология, толеранттық, кәсіби, қарым-қатынас, біліктілік, коммуникативтік, мәдениаралық, тұлғаралық, тәрбие.

#### **Кіріспе**

Талқылауға шығарылған мәселе өзекті және тұтастай алғанда бүгінгі ғылым үшін ғана күрделі емес, әсіресе, бұл мәселе заманауи мектептері үшін де ерекше өзекті болып отыр, себебі толеранттықпен түрлі бағыттағы ғалымдар мен мектептер айналысады.

Көптеген зерттеушілер заманауи теорияда бір мәнді жауаптың жоқтығын айтады (Б.М.Хомяков, А.В.Перцев және т.б.) атап көрсеткендей, толеранттық қазіргі қоғамның қарама-қайшылықты құндылықтарының бірі, сондықтан толеранттықтың өзектілігін жаңаша бір әлемде көру қажет. Барлық айтылғандар тікелей педагогика ғылымына да қатысты. Сонымен қатар, педагогика ғылымында, біздің көзқарасымыз бойынша, бұл мәселеге қажетті жағдайда көңіл аударып отырған жоқ. Мүмкін,

– бұл мәселеге педагогтардың қалыс қалған қарым-қатынасы тіршілік ету үшін объективтік негіз болып отыр және бұл уақытша құбылыс;

– педагогика жеке тұлғаны тәрбиелеу, білім беру және дамыту туралы ғылым болғандықтан, шын мәнісінде, толеранттыққа шақырады, ал педагогтар төзерлік және шыдамды, төзімді болулары керек [1; 65].

Бірақ, бұл мәселені айтпас бұрын, біз кейбір мәселелерге тоқталуға мәжбүрміз. Ол педагогикалық қарым-қатынастың теориялық және практикалық мәселелерімен байланысты, сонымен бірге, біз педагогикалық қарым-қатынастың лингвомәдени аспектісіне басты назар аударамыз.

Толеранттық–мәдениаралық, мемлекетаралық және тұлғааралық қарым-қатынастың жалпы қағидасы ретінде педагогтың сөйлеу мәдениеті мәселесі әзірлемесіне де, оқытушылардың оқу мәдениеті мәселесі әзірлемесіне де тікелей қатысы бар, яғни педагогикалық қарым-қатынастың екі қатысушысына да қатысты. Адамға ауа қаншылықты қажет болса, қарым-қатынас та соншалықты қажет екені белгілі, ол адамның дамуы үшін тәрбиесі мен білім алуы

үшін қажет. Педагогикалық қызметте қарым-қатынас өзара әрекеттесудің формасы ретінде педагогтар мен оқушылардың бірлесіп қызмет етуі тәрбиенің, жеке тұлғаны қалыптастырудың, ақпараттар мен алмасудың, оқытудың, әлем туралы мәліметтер мен білімді беру т.б. құралы ретінде қарастырылады.

Қарым-қатынас 3 аспектіге бөлінеді:

– қарым-қатынастың коммуникативтік аспектісі, қандай да бір мақсатта жетістікке жету үшін ақпараттармен алмасумен байланысты (педагогикада – білім берушілік, дамытушылық және тәрбиелік).

– қарым-қатынас үдерісіне қатысушылардың сол немесе басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін; интерактивтік аспект 57 – тұлғааралық және топтық қарым-қатынас процесінде адамдардың бір-бірімен өзара әрекеттесуін болжайды;

– перцептивтік аспект – басқа адамды қабылдау үдерісін оның бейнесінің қалыптасуын қамтиды (бұл туралы 1.2. бөлімді қараңыз) [2; 56].

Қарым-қатынастың аталған түрлі айырмашылықтары олардың пәндік бағыттарын қамтамасыз етеді, сондықтан да біз қарым-қатынастың экономикалық, діни, саяси ерекшеліктерімен өзгешеліктерін, қыр-сырын айту заңды деп санаймыз. Осы жағдайда педагогикалық қарым-қатынас – кәсіби қарым-қатынастың бір түрі (оны кейде кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас деп те атайды). Қарым-қатынастың басқа түрінен айырмашылығы педагогикалық қарым-қатынас пәніне бірінші кезекте білім беру саласы жатады. Мұнда өзара әрекеттесушілік пен ықпал жасау (әсер ету) түрлі бағытта жүзеге асырылады:

а) мұғалім–оқушы; б) мұғалім–мұғалім; в) мұғалім–ата-аналар; г) мұғалім–әкімшілік; д) оқушы–оқушы. Қарым-қатынас аясы негізінен ресми-іскер (жеке тұлғаның білім беру кеңістігін қалыптастыруға бағытталған, сабақ және сабақтан тыс түрлері мен нысандары, сол сияқты, оқу-тәрбие міндетін жүзеге асырумен байланысты ұйымдастырушылық мәселелердің шешімі) [3; 33].

#### **Материалдар мен әдістер**

Ғылымға А.А.Леонтьев ұстанатын, қарым-қатынастың түрлі сипаттамалары туралы басқа да көзқарастар белгілі. Ғалым мынаған сүйенеді, яғни, қарым-қатынас – белгілі әлеуметтік орта ішінде жүзеге асырылатын үдеріс (топ, ұжым, тұтастай алғанда, қоғам). Бұл әлеуметтік үдерістер, ғалымның пікірі бойынша, 3 негізгі топқа бөлінеді:

1) Әлеуметтік-бағытталған қарым-қатынас, мұнда дәріскер, мұғалім қоғамның өкілі ретінде қарастырылады, сондықтан аудиториямен нақты әлеуметтік міндеттерді шешеді;

2) Топтық пәндік – бағытталған қарым-қатынас, бірлескен қызмет үдерісінде ұжымдық өзара әрекеттесуді ұйымдастырумен байланысты әлеуметтік міндеттерді шешуге бағытталған қарым-қатынас;

3) Тұлғалық – бағытталған қарым-қатынас, бір адамның екінші адаммен өзара әрекеттестігін болжайтын қарым-қатынас (оның түрлі тармағын атап өтейік:

– ресми-іскери қарым-қатынас, тұлғалық қарым-қатынас – топтық, тұлғааралық;

– қысқамерзімді және ұзақ мерзімді қарым-қатынас;

– аяқталған немесе аяқталмаған қарым-қатынас, мәдениаралық, этносаралық және басқа да қарым-қатынас түрлері) [4;24]. Егер педагогикалық қарым-қатынастың түрлерін сипаттауда екі сипаттаманы біріктірсек, онда ешқандай да қарама-қайшылықтың болмайтыны бізге көрсетіліп отыр. Өзінің тәжірибелік қызметінде педагог қарым-қатынастың түрлі жақтарымен кездеседі:

– түрлі қатынас жағдайына түседі, педагог пен оның оқушыларының қарым-қатынас жасай білу иекмділігі, түрлі ұсыныстармен мәдениаралық және этносаралық қарым-қатынас туралы;

– ал мұның барлығы, тұтастай алғанда, педагогтың аудиториямен, аудиториядан тыс жұмысындағы қарым-қатынастың мәнін анықтайды.

Дегенмен, педагогикалық қарым-қатынасқа берілген сипаттамаға кез келген көзқараста біз мынаны еске аламыз, яғни қарым-қатынастың кез-келген түрімен типі үшін екі өзара байланысқан жаққа тән, яғни тең дәрежеде бұл қарым-қатынастың өзгешелігіне әсер етеді:

– сыртқы немесе көрінетін (адамның ауызша сөзбен немесе таңбалы іс-әрекетінің жүйесі)

– ішкі немесе көрінбейтін (биологиялық, әлеуметтік қажеттіліктері, сезімі, ниеті, мүддесі және тағы да басқа адамдардың өзара әрекеттесуіне түрткі болған жағдайлар.

Қарым-қатынастың кейбір теориялық негіздерін білу, оны тәжірибелік қызметінде қолдана білу шеберлігі және бұл білімдерді тәжірибеде тиімді пайдалану аудиторияға кіруге шешім қабылдаған кез келген оқытушы үшін қажет. Бәлкім, педагогтың (мектеп мұғалімі, мектепке дейінгі мекеменің тәрбиешісі, мектеп-интернаттың тәрбиешісі, колонияның тәрбиешісі, мектепшілік балалар мекемесінің жұмыскері, бастауыш, орта және жоғары кәсіби білім беру жүйесінің оқытушысы) педагогикалық қарым-қатынастың міндеттері, мақсаты мен мәні туралы түсінігі болуы керек шығар. Біздер үшін өте маңызды түсініктер туралы арнайы әдебиеттерде қалай жазылғанын қарастырып көрейік [5; 68].

Кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас бірінші кезекте әлеуметтік міндеттерді орындайды:

- себебі бұл қарым-қатынас жеке тұлғаның танымдық, шығармашылық, эстетикалық, адамгершілік және басқа таза адами қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған;
- ал тұлғааралық байланысты кеңейту мен нығайтуға бағытталған, түрлі әлеуметтік топтар мен қоршаған адамдармен қарым-қатынасты орнатуға,
- жеке тұлғаның оқу мен тәрбиесіндегі, тұлға ретінде өсуіндегі міндеттерді шешуге арналған. Мұғалім үшін педагогикалық қарым-қатынастың нақ әлеуметтік мәні маңызды.

Кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас, сол сияқты, төмендегідей қызметтерді орындайды:

- ақпараттық (күнделікті тұрмыстағы, оқу-әдістемелік, ізденушілік, ғылыми-зерттеу сипатындағы белгілі ақпараттарды беру);
- тәрбиелік (оқушының бойында мәдени және адамгершілік құндылықтарды, өзін қоршаған ортамен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру қабілеті);
- бір-бірін тану қызметі (таным қызметі сол немесе басқа пәндік қызметті ұйымдастыру, қызмет көрсету қызметі (оқу, өндірістік, ғылыми, таным, ойын және т.б.);
- қарым-қатынас қызметін, оқушыны тәжірибеге тарту мен қарым-қатынастың бастаушысы, қозғаушысы құндылықтарына қатыстыру қызметі (немесе керісінше).

Кейде кәсіби қарым-қатынастың кейбір тар мағынасындағы педагогикалық қызметтері анықталады, мысалы,

- қарым-қатынасқа баланы жан-жақты ашу қызметі (бұл қызмет біздің қиын уақытымызда аса маңызды);
- ортақтық қызметі (немесе оқушы – әріптесті қарым-қатынаста, іс-әрекетте қолдау қызметі; оқушының жеке тұлғасын биіктету қызметі (А.А.Лобанов).

Бізге көрсетілгендей, кәсіби педагогикалық қарым-қатынастың дәл тар ұғымындағы педагогикалық қызметтері толеранттыққа бағытталған, егер педагог өзі бұл айқындалудың қажеттілігін сезінсе, онда оның іс әрекеті анықталады. Кез келген кәсіби педагогикалық қарым-қатынастың өзінің мазмұны бар, яғни тұлғааралық байланыстарда бір субъектіден екінші субъектіге немесе олардың арасында айналып жүретін ақпаратқа ие (педагогтан оқушыға, бір оқушыдан екінші оқушыға) [6; 24].

Педагогикалық қарым-қатынастың мазмұны танымдық болуы мүмкін (білімдерімен алмасуды қарастырады және әріптестердің зияткерлік дамуы факторы ретінде қарастырылады) кондицияға сәйкес (шартқа сәйкес) (білімалушылардың психикалық және физиологиялық жағдайларының ерекше, өзіне тән алмасуларын қарастырады:

- уәждемелік (мотивациялық) (субъектінің мақсатына мүддесіне, ынтасына және қажеттіліктеріне әсер ету (ықпал жасау);
- әрекетшілдік (іс-әрекеттерімен, операцияларымен, іскерлік-икемділік, шеберліктермен, әдет-дағдылармен алмасу);
- материалдық (азық-түліктерімен, қызмет заттарымен алмасу).

Занды сұрақ туындайды: педагогикалық қарым-қатынастың қандай мазмұнын жүзеге асыруда, нақты қай жерде төзімділік болу керек. Бірінші кезекте педагогтың төзімділігі сөйлеу қызметі арқылы көрінеді. Педагогикалық қарым қатынастың барлық түрі оқытушының сөйлеу әрекетімен беріледі. Педагогтың сөйлеу қызметі – бұл қызметтің тұтас әрекеті ретінде көрінетін сөз және ол әрқашанда нақты педагогикалық міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған. Қойылған міндеттердің сипаты (дамытушылық, тәрбиелілік, бақылау т.б.) педагогтың кәсіби тілдік қызметіндегі ерекшеліктеріне айтарлықтай маңызды түрде әсер етеді.

Әдетте анықтайды, яғни педагогтың тілдік қызметіне оқу үдерісінде төмендегі этаптар кіреді:

- бағыттама (ойының нақтылығын және тіл қызметінің мақсатын жете түсінуді болжайды),
- жоспарлау (түйінді мәселелерді тұжырымдау мен мәнін түсіну, ұғыну, олардың бірізділік тәртібін анықтау);
- жүзеге асыру мен бақылау (мінез бойынша ауызша мәтінді құруда ойды түзету немесе жазылғанды жетілдіру) [7;102].

### **Нәтижелері**

Педагогтың тілдік қызметінің барлық кезеңдерінде мазмұнды жан-жақты ойлану, мәнін жете ұғынып, мағына беру ғана байқалмайды (қарым-қатынастың ақпараттық бөлімі). Сонымен қатар, дайындалған мәтіннің стилі мен қарым-қатынас стилі, оқытушы сөзі, оқушы нұсқасының мүмкін нұсқалары бақыланады. Мұғалім оқу уақытының 70 %-на дейін тілдік қызметпен, ал оқушы оқу уақытының 20 %-на дейін тілдік қызметпен айналысады, оқу уақытының 10%-ын түрлі үзілістер алады (бос, хезитациялар, физиологиялық, мағыналық) абдырап қалу, қысылу, айтылғанды қайталау өкініші. Әрине, мұғалім коммуникативтік жетекші, көсем болып саналады, сол сияқты, педагогикалық оқу қарым-қатынасының, сөйлеу мазмұны бойынша, коммуникативтік бастаманы көрсету дәрежесі бойынша да, сөз сөйлеу ұзақтығы бойынша да жетекші болып саналады.

Мұнда сұраққа жауап маңызды болып саналады:

- мұғалім сұрақ-жауапты қалай құрастырады; оны қандай формада, қандай үнде, екпінде айтады;
- аудиториядағы сабақтарда қарым-қатынас барысында қандай тілдік формулаларды қолданады, оқушылардың жауабын қалай бағалайды, қаншалықты төзімді, өнегелі, биязы және т.б.

Осы және осымен қатар басқа да қасиеттері бойынша педагогтың кәсіби деңгейі, оның құзыреттілігі туралы айтуға болады.

- оқушылардың тілдік қызметі аудитория уақытының аздаған мөлшерін алса да, түрлі модификацияларда көрінеді; оқу материалын белсенді қабылдауға көмектеседі;
- оқушылардың өзіндік танымдық жетістіктерінің нәтижесі болып табылады; олардың оқуға және оқып-үйренуге деген мүдделерін көрсетеді;
- сабақта субъектаралық қарым-қатынастың құрылуының құралы болып табылады;
- қарым-қатынастың барлық көріністерінде негізгі болып табылады.

Педагогтың тілдік қызметі төмендегі қызметтерді орындайды:

- ақпараттық-танымдық (білімді, икемділікті, әдет-дағдыларды иемденуге, игеруге, оқушылардың танымдық қызметін ұйымдастыруға есептелген);
- коммуникативтік (жалпы оқу-танымдық қызметке қажетті, жақсы қарым-қатынас пен байланысты қалыптастыруға, байланысты орнатуға бағытталған оқушылармен қарым-қатынас жүзеге асырылады);
- ынталандырушы (белсенділікті, оқушылардың өздігінен жұмыс жасауы, олардың мүдделерін, жұмысқа қабілеттілігін қалыптастыруға реттеуші механизмдерді жүзеге асырады) [8; 50].

Педагогтың тілдік қызметінің аталған қызметтері бір-біріне ұқсас, бірақ олардың арасында айырмашылықтар да бар: тілдік қызмет көбінесе аяқ-астынан, жағдаятты болады бұл ауызша түрі, сондықтан онда қателіктер, сәтсіздіктер болуы мүмкін, оны педагог әдепті және дұрыс түзетуі керек.

Кәсіби-педагогикалық қарым-қатынаста тілдік қызмет, бізге көрінгендей, басты орын алады және оған төзімділіктің көрінуінде және қалыптасуында негізгі рөл беріледі.

- тілдік қызмет, оның ішінде, оқу үдерісіндегі педагогтың кәсіби сөзі – педагог қызметінің маңызды жақтарының өзінше көрсеткіші; оның эрудициялары мен әдістемелік шеберлігі;
- тұлғалық ерекшеліктері, педагогикалық тактісінің көрінуін ашатын оқушылармен қарым-қатынастағы мінезі мен стилі (бұл педагогтың кәсіби жарамдылығының өлшемі);
- оқушыларға деген қарым-қатынас, олармен педагогтың байланысы, оқушыларды өзінің көмекшісі, жақтасы, оқу үдерісінің белсенді тұлғасы ретінде көргісі келуімен және түсінуімен байланысты болады [9; 247].

Педагогикалық кәсіби қызметі – қызметтің үнемі орындалуды қажет ететін түрі, оның өзіне ғана тән ерекшелігі – оқушыларға олардың жас және даралық ерекшелігін, сұраныстарын, мүдделерін, айналысу қызығушылықтарын, рухани өмірін ескере отырып психологиялық-

педагогикалық тұрғыдан әсер ету және жеке тұлғаны дамытуда, оқу үдерісінде мақсатты бағытталған басқаруында болып табылады. Психологиялық-педагогикалық әсер ету мұғалімнің тілдік қызметі арқылы әр түрлі көрінуі мүмкін, мұның бәрі "педагогикалық қарым-қатынас" түсінігінің формальды, сыртқы жағы болуы мүмкін. Біз қарым-қатынас педагог тарапынан өнегелі болуы керек, әңгімелесуімен қарым –қатынасы немқұрайлы болмауы керек деп санаймыз, яғни, бұл оқушылардың жағымды күштерін туғызады [10; 15].

Педагогтың кәсіби тілі – оқыту мен тәрбиелеудегі басты құрал. Оқушылармен қарым-қатынас жасай білу, кәсіби білім берудің мазмұнын меңгеру, кәсіби коммуникацияға (қарым-қатынасқа) дамыған қабілеттілікке ие болу – кез-келген оқытушыға, өндірістік оқыту шеберіне, мұғалімге қажет. Сондықтан біз жиі педагогтың сөз мәнерлілігін құру құралдары туралы ұмытамыз. Тілдік қарым-қатынас – педагогтың сөйлеу мәдениетінің базалық түсінігі. Тілдік қарым-қатынас – адамдардың өзара әрекеттестігінің формасы болып табылады, өзара әрекеттесудің шарттары мен міндеттеріне байланысты әртүрлі болуы мүмкін (дөрекі, нақты және ақпараттық, ауызша, сөзбен және таңбалы, контакттілі және қашықтықтан оқыту, тура, тікелей және тікелей емес, ауызша, жазбаша, топтық және тұлғааралық, ресми, ресми емес, монологтық және диалогтық). Осы айтылғандарды ескеріп, кейбір ғалымдар "педагогикалық қарым-қатынас" ұғымының төмендегідей сипаттамасын ұсынады [11; 160].

Педагогикалық қарым-қатынас – көбінесе ақпараттық қарым-қатынас, бірақ нақты ереже (үдерісте әңгімелесушілер орнататын қарым-қатынас, қолдайды немесе контакттіні үзеді) онда міндетті түрде болуы керек:

– қарым-қатынас жеке тұлғалық және тұлғааралық, топтық және бұқаралық болуы мүмкін, онда ресми және бейресми қарым-қатынастың элементтері үйлеседі, бұл үйлесімділік монологтық және диалогтық сөз;

– графикалық жүйені пайдалану формасы бойынша педагогтың сөзі ауызша және жазбаша түрде ұсынылуы мүмкін.

Педагогтық қарым-қатынастың өзіне тән ерекшелігі тек қарым-қатынас түрінде ғана көрінбеуі мүмкін, біз оқытушылар жазатын, ал содан кейін айтатын мәтіндерде және ауызша сөйлеуде тілдік төзімділік көрінуі мүмкін. Тілдік қызмет үдерісінде қарым-қатынас қатысушылары өндіріп ғана қоймайды, сонымен бірге мәтіндерді қабылдайды. Сондықтан арнайы әдебиеттерде, әдетте, тілдік қызметтік өнімді, еселі (жазу және айту) және рецептивтік (оқу және тыңдау) түрлерін бөледі, сипаттайды. Тілдік қызметтің әрбір түрін меңгеру – педагогтың кәсіби шеберлігінің қажетті шарты.

### **Талқылау**

Педагогтың ауызша сөзі үшін мынадай сипаттамалар тән:

– оқушылардан күтпеген реакцияларға байланысты педагогтың жоспарламаған сөзімен (реплика) айтылып қалуы мүмкін. Көбірек қайталау, жекеленген ережелерді қайта құрастыру,

– оқу – ғылыми айтылғандарды еске түсіру, түсіндіру, анықтама, түсінік-талдау қызметтерінде болуы мүмкін.

Ғылыми-оқу қарым-қатынасында неғұрлым типтік кенеттен айтылған сөздер тізбегі болып табылады:

– анықтамалық, түсінік-талдау берушілік, дивертивтік [12; 20].

Көптеген ғалымдар педагогтың негізгі кәсіби сипаттамаларын қарастыра отырып, оларға төмендегілерді жатқызады:

– өзінің мамандығына, пәніне, оқушыларына деген қызығушылық пен сүйіспеншілік, жауапкершілік, әуестенушілік, шығармашылық қабілеттері, салмақтылық, талапшылдық, әділдік, ырғақ сезімі, мысқыл, әзіл-сықақ, көпшіл, тез тіл табысу, дербестік (тәуелсіздік), адамгершілік, ақкөңілділік, ашық-жарқындық, ақыл-ойының анықтығы, өнертапқыштық, ойқиялының дамуы, ес-қабілетінің дайындығы, жақсы мақам (дикция), бақылағыштық, оқушылармен жұмысында жаңалық жасау, шыдамдылық, оқушыларға жақын болу, бауырмалдық, мейірімділік, қарым-қатынастағы өзара әрекеттестікте жалғандықтың болмауы және т.б. Бізге осы негізгі қасиеттердің тізімі төзімділік түсінігіне апаратын "көпір" секілді.

Қазіргі заманда төзімділік сөзі тек қана сәнді әрі кең көлемде қолданатын сөз ғана емес, оның жандандырылуы социум мүшелерінің әлеуметтік өзара әрекеттестігінің және тұлғааралық мәселелердің өзінің өзектілігін көрсетеді. Бәрімізге белгілі болғандай, төзімділік түсінігі түрлі білім саласындағы көптеген зерттеушілердің мысалы, философия, логика, психология, лингвистика назарын аударып отыр.

Тек қана, мүмкін педагогика әзірше аталған түсінікке қатыссыз қалады: бұл түсінікті:

– педагогика ғылым ретінде төзімдіболуы керек, педагогтар да (атағы мен лауазымы бойынша) төзімді, шыдамды, толерантты болуға міндетті.

Бұл күрделі сұраққа күні бүгінге дейін жауап болмағандықтан және оны айту қиын болғандықтан, біз әңгіменің басына педагогикалық қарым-қатынасты және онда төзімділіктің көріну мүмкіндіктерін алдық.

Қоғамда толеранттық ой-сананы орнату мәселесін қалыптастыру көптеген теориялық міндеттерді шешуді болжайды:

1. Толеранттықты қалыптастыру;

2. Толеранттық ой-сана мен мінез-құлықты қалыптастырудың әдістемесін әзірлеу.

Толеранттық дегенде діл құндылығы тұрғысында басқа адамдардың мінез-құлықтары мен сенім-нанымдарына, пікіріне шыдамдылықпен қарауға шақыратын, кейде адамың жағымды адамгершілік қасиеті ретінде түсіндіріледі. Негізгі күнделікті толеранттыққа, кейбір лингвистер (И.А. Стернин) атап көрсеткендей, қарым-қатынастағы толеранттық жатады (коммуникативтік толеранттық), біз де олармен келісеміз, оның ішінде, педагогикалық қарым-қатынастың негізінде қарастыру қажет. Мүмкін, коммуникативті толеранттылықты кәсіби педагогикалық қарым-қатынастың негізінде қарастыру қажет шығар. Адамдардың қарым-қатынас және мінез-құлық толеранттылығы олардың ой-санасында толеранттық қондырғының, толеранттық мінез-құлық пен қарым-қатынастың ережесінің болуымен шартталған. Айтуға болады, "толеранттық" терминінің өзі бірнеше танымдықбағыттар кіреді:

– күнделікті тұрмыстағы шыдамдылық (өзінді қоршаған адамдардың мінез-құлқы мен айтқандарына төзу, олардың әлсіздігін және мінез-құлық нормасынан ауытқушылығын кешіре білу);

– діни төзімділік (басқа конфессиялардың өкілдеріне құрметпен қарау, оларды өзіңе тең деп санау, мойындау);

– этникалық төзімділік ("менің" этностық тобыммен байланыста болатын басқа этностық топ өкілдеріне құрметпен қарау, достық қарым-қатынас);

– зияткерлік төзімділік [13; 308].

Заңды сұрақ туады: толеранттықтың бұл әртүрлі түрлері педагогикалық қарым-қатынасқа қалай қарайды?

Біздің ойымызша, педагогикалық толеранттылықты бөлу қажет сияқты (осы сөздің кең мағынасында):

– ата-аналар тарапынан, туған-туыстар тарапынан өзінің балаларына деген қарым-қатынас. Өзінің балаларына қарым-қатынас бойынша ата-аналар, туысқандар тарапынан – бұл шын мәнінде, педагогикалық толеранттылық;

– білім алушыларға педагогтар, тәрбиешілер шеберлер тарапынан – кәсіби педагогикалық толеранттық, нақты бұл кәсіби толеранттылыққа болашақ педагогтарды, қазіргі студенттерді оқыту қажет. Коммуникативтік идеалының кейбір зерттеушілерінің мәліметі бойынша (И.А.Стернин), толеранттық дегеніміз коммуникативтік идеалының жетекші сипаты ретінде көрінеді, мұны өткізілген экспериментте (ғылыми тәжірибе) көрсетті. Коммуникативтік сана-сезімі толеранттық әңгімелесушіден сондай идеалды, яғни сыпайы, зерделі, ықыласты тындаушыны іздейді.

Бұл адамының коммуникативтік мінез-құлқының төмендегідей қасиеттерін қамтамасыз етеді:

– жоғары дәрежедегі көпшілдік, жоғары коммуникативтік белсенділік, ымырасыз дау, тез әсерленушілік (қызбалық) және адалдық, қауымда өзінің сөздік үлесін көбейтуге тырысу, коммуникативтік көңіл аудару (өзіне қарату), коммуникативтік орталық.

Әзірше толерантты білім беру саласының болмашы бөлігі ретінде дәлме-дәл қабылдаса, көпшілік сөйлеушілер бұл түсінікке жағымсыз қарайды немесе оны шыдамдылықпен теңестіреді. С.Г. Тер-Минасова өзінің "Тіл және мәдениаралық коммуникация" деген кітабында жазады: "Үш Т – Төзім, Төзімділік, Толеранттық – міне, мәдениаралық коммуникацияның формуласы". Бұл талапты ішкімәдени, оның ішінде педагогикалық қарым-қатынасқа жатқызуға болады.

Анықтамаларды салыстырайық: Төзім – төзімділіктің, шыдамдылықтың, ішкі күш пен жігерлілік, қажырлылықтың сапасы. Төзімділік, шыдамдылық – басқа адамның сенімдеріне инабаттылықпен, тілектестікпен қарайтын әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынас және басқалардың ерекше қабылдамауын басып-жаншып айтылады. Толеранттық – қандай да бір жағымсыз факторға босаң (әлсіз) түрде әрекет жасайтын физиологиялық-психологиялық

қабілет (басқа бөтен, бөгде, өзге "дағдылардан" айырмашылығы бар). Біздің есептеуімізше, егер осы дерексізұғымдар субъективті болса, барлық аталған сапаларды тұжырымдауға болады, өзінде өз алдына (дербес) немесе басқа адамдардың көмегімен жетілдіруге болады. Мүмкін,

– заманауи өмірде осы түсінікті қайта қарау керек шығар;

– ол жаңа мазмұнмен толықтырылып байытылып жатыр [14;139]. Толеранттық мінез-құлық әзірше декларациялау норма (ереже) болып саналады, яғни ол ресми жағдайда сақталады, алтұлғааралық қарым-қатынаста өте жиі бұзылады.

Көптеген ғалымдар дабыл қағып жатыр:

– жанұяда педагогикалық толеранттық жоқ (әрине, кейде ерекшелік болады) алайда, сонымен бірге оқу орындарындағы педагогикалық толеранттықтың жоқтығын ешкім айтпайды.

Қазіргі заманды тұтастай алғанда, толеранттық қондырғы әлсіз, ол ымырасыздыққа, келісімге келмеушілікке, кикілжіңге, көзқарастардың қарама-қайшылығына неғұрлым жақын, соған дағдыланған. Бұл ашық кикілжің мен ерегіс-жанжалға, ымырасыздыққа бара алмауға жиі әкеледі. Сол сияқты қоғамның жікке бөлінуіне әкеліп, тіпті, (саяси толеранттық емес) кісі өліміне де әкеледі. Осының бәрі жоғары көпшілік, коммуникативтік байланыс пен адамының жан жылулығының аясында болып отыр.

Өркениетті елдердің көпшілігінде толеранттық мінез-құлық – бұл қоғаммен ұсынылған, оның айыпқа ұшырауына жол бермейтін міндетті коммуникативтік норма. Кейбір адамдар санасында толеранттық категориясы енді ғана қалыптасып жатыр және оқу, үгіт-насихат мәдени білім беру сипатындағы арнайы шаралар қажет. Бұл заманауи ел үшін аса маңызды міндет болып саналады, себебі толеранттық қағидасы өркениетті демократтық қоғамдағы негізгі ментальдық қағидалардың бірі болып саналады. Кейбір қоғамындағы толеранттықтың қалыптасуы үшін мақсатты бағытталған жұмыс жүргізілуі керек, соның ішінде, педагогикалық қарым-қатынаста да қажет. Болашақта мұғалімдерді даярлау бойынша арнайы бағдарламалар, педагогтың сөйлеу әдебі бойынша арнайы құрастырылған сөздіктер болуы мүмкін. Сонымен қатар, педагог қолдана алатындай педагогтық жағдаяттар бойынша және қарым-қатынастың, міндеттердің, кеңес берудің толеранттық формасына сәйкес келуі керек. Балалардың толеранттығы белгілі бір дәрежеде үлкендердің толеранттық мінез-құлқымен қалыптасады. Осы себепті, біз педагогикалық қарым-қатынастағы толеранттық туралы айтуды шештік.

Бірінші кезекте, лингвистикалық зерттеулер көрсетіп отырғандай толеранттық сананы орнатудың пайда болуының шарты коммуникативтік толеранттықтың қалыптасуы болып табылады, яғни коммуникативтік толеранттық арқылы толеранттық мінез-құлықты және толеранттық діл категориясын шын мәнісінде қалыптастыруға болады. Мектепке дейінгі, орта, жоғары оқу орындарында күнделікті толеранттықты практикалық қалыптастыру бойынша оқытатын бағдарламалар мен әдістемелер қажет. Сол сияқты, кадрларды даярлау мен қайта даярлықтан өткізу жүйесі де керек. Бұл әдептілікті, мәдени қарым-қатынас пен сөйлеу әдебі дағдысын қалыптастырумен байланысты толық жүзеге асырылатын міндет. Былай қарасаңыз – тақырып белгілі секілді – педагогтың сөйлеу мәдениеті.

Тіл мәдениеті – адамның қоғамда өмір сүруінің негізгі шарты, өзінің әлеуметтік мәртебесін нығайтудың мүмкіндігі, адамның жеке қажеттіліктерін қанағаттандырудың құралы, топта тартылудың да негізгі құралы, ақпараттарды табыстаудың деректермен, біліммен алмасудың қажетті шарты, санаға әсер етудің, мінез-құлық нормасын, дүниеге көзқарасты қалыптастырудың, талғамды қалыптастырудың құралы. Тіл мәдениеті – адамның жалпы мәдениетінің принциптік сипаттамасы, дегенмен оқытушының тіл мәдениеті – жалпы мәдениеттің, біздің өміріміздің әлеуметтік болашағының жағдайының да сипаттамасы. Біз ұмытпауымыз керек, яғни оқытушы – коммуникативтік жетекші (көшбасшы) (сыныпта, сыныптан тыс іс-шаралар кезінде), сондықтан оқытушының педагогикалық риторика туралы, тіл мәдениеті туралы жақсы сөздің қасиеті туралы түсінігі болуы керек. Қоғамдық өмірдің демократияландыру аясында айту, қарым-қатынас мәнері сабақтарда ерекше көріну керек.

Сонымен бірге, берілген тақырыпқа әңгімелесу көрсеткендей, мәселе өзекті, шешілмеген және ерте ме, кеш пе, оны шешу керек. Зерттеудің негізіне және талқылауға біз негіз етіп алдық:

– толеранттық түсінігімен байланысты;

– бір топ қиындық туғызатын күрделі мәселелерді сызып қоюға тырыстық;

– педагогикалық қарым-қатынастағы толеранттық туралы;

– педагогтың толеранттық мінез-құлқы туралы айттық.

Педагогикадағы түйінді мәселелер:

– қандай педагогикалық жағдаяттарда толеранттық мүмкін емес және ондай болуы мүмкін бе (мысалы, балалар агрессиясына, жаман сөздерге және балалардың і-әрекетіне өтірік айтқанына, сабаққа үнемі дайындықсыз келгенде, сауатсыздыққа және басқа да жағдайларға) [15; 282].

### **Қорытынды**

Педагогикалық қарым-қатынастағы толеранттық кешендік түсінік:

– бір жағынан, философиялық, этникалық, эстетикалық мәселелерді қозғайды;

– екіншіден, осы сөздің жоғары мағынасында мұғалімнің негізгі қасиеттерін, белгілерін қамтиды.

Педагогикалық қарым-қатынастағы толеранттық–бұл тек төзімділік, психикалық тұрақтылық ғана емес, сонымен қатар байсалдылық, ақ пейілділік, байқағыштық, оқушыларға жақындығы, төзім, бауырмалдық, талапшыл, мейірбандық, өзара әрекеттестікте және оқушылармен қарым-қатынаста жасандылықтың (күштеудің) болмауы. Барлық бұл қасиеттерін жиынтығын, олардың ақылмен, сабырмен қолданылуын педагогикалық қарым-қатынастағы толеранттық деп атауымызға болады. Сондықтан педагогикалық қарым қатынаста сабырлық немесе төзімділік ұғымдарының түсінігімен толеранттықтың мазмұнын білдіреді. Бұл ұғымдар халықтық педагогика ертеден пайдаланып келеді. Әсіресе педагогикалық қарым қатыста мұғалім мен оқушылар арасында өзара байланыс барысында толеранттық қызметі ерекше. Өйткені мұғалім кәсіби педагогикалық іс әрекетіндегі демократиялық ұстанымдар негізінде педагогикалық қарым қатынасты жүзеге асыруда толеранттылықтың маңызы өте зор болып табылады.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- 1 Акмеология: учебник / Под ред. А.А. Деркача. – М.: Изд-во РАГС, 2002. – 650 с.
- 2 Акмеология: учебное пособие / Под ред. А.А. Деркач, В.Г. Зазыкин. – Санкт-Петербург: Питер, 2003. – 256с.
- 3 Broadbent D.E. Perception and communication / D. E. Broadbent. London & New York: Pergamon Press, 1958. – 338 p.
- 4 Блонский П.П. – Антология гуманной педагогики. – М.: Издательский Дом Шалвы Амонашвили, 2000. – С. 224.
- 5 Бодалев А.А. Вершина в развитии взрослого человека: характеристики и условия достижения / А. А. Бодалев. – М.: Флинта; Наука, 1998. – 168 с.
- 6 Воробьева И.В. Феномен толерантности в контексте педагогического взаимодействия: автореферат диссертации ... кандидата педагогических наук / И. В. Воробьева. Екатеринбург, 2006. – 24 с.
- 7 Вульф В.З., Харьков В. Н. Педагогика рефлексии (взгляд на профессиональную подготовку учителя) / В.З. Вульф, В. Н. Харьков. – М.: Магистр, 1995. – 112 с.
- 8 Выготский Л.С. Развитие высших психических функций / Л.С. Выготский. – М.: Издательство Академии педагогических наук РСФСР, 1960. – 500 с.
- 9 Genesis of the Concept Noosphere Pedagogy and the Paradigm. БД Scopus Astra Salvensis-Volume 6, Issue 1 (11), 2018. – pp. 547-565. <https://astrasalva.files.wordpress.com/2018/05/astrasalvensis-year-vi-2018-no-1-11.pdf>.
- 10 Герасименко Н.Ф. Власть и здоровье нации (Что ожидает Россию в XXI веке) // Здоровье. – 1997. – № 4. – С.14-15.
- 11 История советской психологии труда. Тексты. (20-30-е годы XX века) / под ред. В.П. Зинченко, В. М. Муниповой, О. Г. Носковой. – М.: Издательство МГУ, 1983. – 360 с.
- 12 Лопес Е. Г. Развитие ключевых компетенций будущих ремесленников в процессе социально-профессионального воспитания: диссертация ... кандидата педагогических наук / Е.Г. Лопес. – Екатеринбург, 2006. – 200 с.
- 13 Маркова А.К. Психология профессионализма. – М.:Международный гуманитарный фонд «Знание», 1996. – 308 с.
- 14 Фромм Э. Психоанализ и этика. – М.: Республика, 1993. – 139с.
- 15 Treisman A. Strategies and models of selective attention / A. Treisman // Psychological Review. – 1969. – V. 76, N3. – pp. 282-299.



**REFERENCES**

- 1 Derkach, A.A. (2002). Akmeologiya [Acmeology]. Moskva: Izd-vo RAGS [in Russian].
- 2 Derkach, A.A., Zazykin V.G. (2003). Akmeologiya [Acmeology]. St. Petersburg: Peter [in Russian].
- 3 Broadbent, D.E. (1958). Perception and communication [Perception and communication] London & New York: Pergamon Press [in Russian].
- 4 Blonsky, P.P. (2000). Anthology of Humane Pedagogy [Anthology of Humane Pedagogy]. Moscow: Shalva Amonashvili Publishing House [in Russian].
- 5 Bodalev, A. A. (1998). Peak in the development of an adult: characteristics and conditions for achievement [Peak in adult development: characteristics and conditions for achieving]. Moscow: Flinta; Science [in Russian].
- 6 Vorobieva, I.V. (2006). The phenomenon of tolerance in the context of pedagogical interaction: abstract of the dissertation ... candidate of pedagogical sciences [The phenomenon of tolerance in the context of pedagogical interaction: abstract of the dissertation... Candidate of Pedagogical Sciences]. Ekaterinburg [in Russian].
- 7 Wolfov, V.Z., Kharkin, V.N. (1995). Pedagogy of reflection (a look at teacher training) [Pedagogy of reflection (a look at teacher training)]. Moscow: Master [in Russian].
- 8 Vygotsky, L.S. (1960). Development of higher mental functions [Development of higher mental functions]. Moscow: Publishing House of the Academy of Pedagogical Sciences of the RSFSR [in Russian].
- 9 Genesis of the Concept Noosphere Pedagogy and the Paradigm. БД Scopus Astra Salvensis-Volume 6, Issue 1 (11), 2018. 547-565. <https://astrasalva.files.wordpress.com/2018/05/astra-salvensis-year-vi-2018-no-1-11.pdf>.
- 10 Gerasimenko, N.F. (1997). Power and health of the nation (What awaits Russia in the XXI century) [The strength and health of the nation (what awaits Russia in the XXI century)]. Healthcare [in Russian].
- 11 Zinchenko, V.P. Munipova, V.M. Noskova, O.G. (1983). History of the Soviet psychology of labor. Texts. (20-30s of the XX century) [The history of Soviet labor psychology. Texts. (20-30s of the XX century)]. Moscow: MGU Publishing House [in Russian].
- 12 Lopez, E.G. (2006). Development of key competencies of future artisans in the process of social and professional education: dissertation ... candidate of pedagogical sciences [Development of key competencies of future artisans in the process of social and vocational education: dissertation... Candidate of Pedagogical Sciences]. Ekaterinburg [in Russian].
- 13 Markova, A.K. (1996). Psychology of professionalism [Psychology of professionalism]. Moscow: International Humanitarian Foundation "Knowledge" [in Russian].
- 14 Fromm, E. (1993). Psychoanalysis and ethics [Psychoanalysis and Ethics]. Moscow: Republic [in Russian].
- 15 Treisman, A. (1969). Strategies and models of selective attention [Strategies and models of selective attention]. Psychological Review [in Russian].

**А.С. Аяған<sup>1\*</sup>, К.Т. Аналбекова<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Карагандинский университета им.Е.А. Букетова, Казахстан

### **Толерантность в педагогическом общении**

В данной статье обосновывается необходимость совершенствования профессионального общения, определяются задачи повышения психолого-педагогической квалификации преподавателей начального, среднего и высшего образования, механизмы их взаимодействия в области современной педагогики, психологии, акмеологии. В этой связи речь идет о более эффективном использовании современных частных ресурсов для построения эффективных стратегий профессионального общения педагогов. Раскрывается мысль о том, что акмеологическое проектирование используется для индивидуальной работы, связанной со стратегией жизни, совершенствованием профессионального поведения или общения. Доказывается, что общение помогает планировать и организовывать совместную работу; цели общения расширяются до получения знаний о мире, обучения и воспитания, согласования действий в совместной деятельности, установления личностных и деловых взаимоотношений.

Ключевые слова: педагогика, акмеология, толерантность, профессионализм, квалификация, коммуникативное общение, межкультурное общение, межличностное общение, воспитание.

**E.S. Ayagan<sup>1\*</sup>, K.T. Analbekova<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Karaganda University named after E.A. Buketov, Kazakhstan

### **Tolerance in pedagogical communication**

In this article, the need to improve professional communication defines the tasks of improving the psychological and pedagogical qualifications of teachers of primary, secondary and higher education, their professional competence as an increase in interaction in the field of modern achievements in pedagogy, psychology, acmeology. In this regard, it is said about the more efficient use of modern private resources to build effective strategies for professional communication of teachers. The idea is revealed that acmeological design is used for individual work related to the strategy of life, the improvement of professional behavior or communication. It is proved that communication helps to plan and organize joint work; the goals of communication expand to gaining knowledge about the world, training and education, coordinating actions in joint activities, establishing personal and business relationships.

Keywords: pedagogy, acmeology, tolerance, professionalism, communication, qualification, communicative communication, intercultural communication, interpersonal communication, education.

**Қолжазбаның редакцияға келіп түскен күні: 06.03.2023 ж.**